

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Постдокторантура туралы Ереже	ПВД III-10-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.30 Бет 17-дан 1
---	----------------------------------	--

Бекітемін
«Әбілқас Сағынов атындағы
Қарағанды техникалық
университеті» КеАҚ
Басқарма Төрағасы – Ректоры
С.С. Сагінтаева
Ғылыми кеңестің шешімі
№3 «30» қазан 2024 ж.



ПОСТДОКТОРАНТУРА ТУРАЛЫ

ЕРЕЖЕ

ПВД III-10-2024

Әзірлегендер: ИЖГТБ бөлімінің бастығы

Р. Азилханов

ҒЖИД инженері

А. Кукешева

А. Кукеш

Қарағанды

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Постдокторантура туралы Ереже	ПВД III-10-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.30 Бет 17-дан 2
---	----------------------------------	--

Мазмұны

1	Қолдану саласы	3
2	Терминдер, анықтамалар және қысқартулар	3
3	Жалпы ережелер	4
4	Постдокторантураға қабылдау үшін кандидаттардан құжаттарды қабылдау тәртібі	5
5	Постдокторантураға конкурс өткізу тәртібі мен критерийлері	5
6	Постдокторантураға қабылдау рәсімінің сипаттамасы	6
7	Постдокторантурадан өту ережелері	6
8	Постдокторантураны іске асыру шарттарына қойылатын талаптар	7
9	Постдокторанттың күнтізбелік жұмыс жоспары	8
10	Постдокторанттарды аралық және қорытынды аттестаттауға қойылатын талаптар	9
11	Постдокторанттардың құқықтары мен міндеттері	10
12	Докторантурадан кейінгі қаржыландыру	10
	А қосымшасы. Өтінім берушінің постдокторантура конкурсына өтінімі	12
	Б қосымшасы. Өтінім берушінің постдокторантура конкурсына қатысуға арналған түйіндемесі	13
	В қосымшасы. Постдокторанттың күнтізбелік жұмыс жоспары	14
	Г қосымшасы. Постдокторант жұмысының нәтижелілік критерийлері	15
	Д қосымшасы. Келісу парағы	16
	Е қосымшасы. Танысу парағы	17

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Постдокторантура туралы Ереже	ПВД III-10-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.30 Бет 17-дан 3
---	----------------------------------	--

1 Қолдану саласы

Осы «Постдокторантура туралы Ереже» (бұдан әрі – Ереже) «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Университет) постдокторантура бағдарламасын іске асыру тәртібін айқындайды.

Осы Ережені Университеттің барлық бөлімшелері постдокторанттарды даярлауға жұмылдырады және сапа менеджменті жүйесі (СМЖ) құжаттарының құрамына кіреді.

2 Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

Осы Ережеде келесі терминдер қолданылады:

Постдокторантура – университетте бастамашыл тақырып және/немесе қаржыландырылатын шарттар бойынша орындалатын ғылыми-зерттеу жобаларын іске асыруға қатысу арқылы докторантура бағдарламасының толық курсы бітірген жас ғалымның (40 жасқа дейінгі) біліктілігін арттыру нысандарының бірі;

Постдокторант – докторантура бағдарламасының толық курсы бітірген тұлға;

Университет – «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

Ереже – Постдокторантура туралы Ереже;

Конкурс – Постдокторантураға түсуге арналған Конкурс;

Бөлімше – университеттің бөлімшесі, оның негізінде докторантурадан кейінгі бағдарламаны іске асыру жүзеге асырылады.

Осы Ережеде мынадай қысқартулар пайдаланылады:

- ҚР ҒЖБМ – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі;

- ҒЖИД – Университеттің Ғылым және инновациялар департаменті;

- ЭҚ және БЕД – экономика, қаржы және бухгалтерлік есеп департаменті;

- ҒЗЖ – Ғылыми-зерттеу жұмысы;

- ПДКЖЖ – Постдокторанттың күнтізбелік жұмыс жоспары;

- ҒТК – Университеттің Ғылыми-техникалық кеңесі;

- СМЖ – Сапа менеджменті жүйесі;

- ҒЗИ – Ғылыми – зерттеу институттары;

- ҒЖБССҚК - Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Постдокторантура туралы Ереже	ПВД III-10-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.30 Бет 17-дан 4
---	----------------------------------	--

3 Жалпы ережелер

3.1 Университеттің Ережесі 2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII ҚРЗ « Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, 2023 жылғы 25 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің (ҚР ҒЖБМ) №487 бұйрығымен бекітілген ұлттық ғылыми кеңестердің тізімі мен ережесіне, сондай-ақ ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру, гранттық қаржыландыру ережелеріне және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру, іргелі ғылыми зерттеулер жүргізетін ғылыми ұйымдарды қаржыландыру ережелеріне сәйкес әзірленген.

Бұл ережелер Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 6 қарашадағы №563 бұйрығымен бекітілген.

3.2 Осы Ереже Постдокторантураға қабылдау тәртібін және Университеттің постдокторанттарды даярлаудың кәсіби ғылыми бағдарламаларын іске асыруға қойылатын міндетті талаптарды айқындайды.

3.3 Осы Ереже постдокторанттарды даярлауға тартылған университеттің барлық құрылымдық бөлімшелері (факультеттер, кафедралар, институттар, ғылыми, қаржы бөлімшелері және т.б.) үшін міндетті.

3.4 Постдокторантураның мақсаты университеттің ғылыми-педагогикалық деңгейін арттыру үшін жоғары білікті және бәсекеге қабілетті зерттеушілерді даярлау, сондай-ақ талантты жастарды ғылымға тарту және ғылыми мектептердің сабақтастығын қамтамасыз ету болып табылады.

3.5 Докторантурадан кейінгі бағдарлама:

- постдокторанттың күнтізбелік жұмыс жоспарына сәйкес ғылыми-зерттеу жұмысын;

- аралық және қорытынды аттестаттау қызметінің түрлерін қамтиды.

3.6 Постдокторантура бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз ететін негізгі ұйымдық бірлік университеттің постдокторантура бағдарламасын іске асыру үшін Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығымен бекітілген университеттің ғылыми және білім беру құрылымдық бөлімшелері (кафедралар, ҒЗИ және орталықтар) (бұдан әрі – бөлімшелер) болып табылады.

3.7 Постдокторанттарға тікелей басшылықты тиісті бөлімшелердің басшылары постдокторанттардың ҒЗЖ Ғылыми кеңесшілерімен бірлесіп жүзеге асырады.

3.8 Постдокторантура бағдарламаларының іске асырылуын үйлестіруді және бақылауды ғылым және инновациялар департаменті (бұдан әрі – ҒЖИД) жүзеге асырады.

3.9 Ереже Басқарма мүшесімен – ғылым және инновациялар жөніндегі проректормен, ЭҚ және БЕД бас бухгалтерімен және ҒЖИД директорымен, Заң бөлімінің басшысымен келісіледі және келісу парағында (Д қосымшасы) ресімделеді.

3.10 Келісуден кейін ереже университеттің Ғылыми кеңестің отырысында бекітіледі.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Постдокторантура туралы Ереже	ПВД III-10-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.30 Бет 17-дан 5
---	----------------------------------	--

4 Постдокторантураға қабылдау үшін кандидаттардан құжаттарды қабылдау тәртібі

4.1 Постдокторантураға келесі адамдар қабылданады:

- Қазақстан Республикасының азаматтығы бар;
- жасы 40-тан аспаған (өтінім беру сәтінде қоса алғанда);
- зерттеу бағыты бойынша ҒЖБССҚК ұсынған рецензияланатын шетелдік және (немесе) отандық басылымдарда кемінде 1 мақаласы және (немесе) шолуы бар;

- философия докторы (PhD)/бейіні бойынша доктор немесе ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты) бар немесе докторантура бағдарламасының толық курсын бітірген (өтінім беру сәтінде).

4.2 Постдокторантураға үміткерлер конкурстық комиссияға мынадай құжаттарды ұсынады:

- университет Басқарма Төрағасы - Ректордың атына конкурсқа жіберу туралы өтініш;

- жеке куәліктің көшірмесі;

- дәрежесі туралы дипломның көшірмесі (философия докторы (PhD)/бейіні бойынша доктор немесе ғылым докторы/кандидаты үшін) немесе оқуды аяқтау туралы бұйрықтан үзінді және докторантураның толық курсын игеру туралы транскрипт;

- университеттің ғылыми хатшысы куәландырған ғылыми жұмыстардың тізімі;

- өтініш берушінің постдокторантура конкурсына өтінімі, онда ғылыми-зерттеу жобасының тақырыбы негізделіп, оның аясында постдокторант өзінің ғылыми қызметін жүзеге асыратын болады (*А қосымшасы*);

- өтінім берушінің түйіндемесі (*Б қосымшасы*).

5 Постдокторантураға конкурс өткізу тәртібі мен критерийлері

5.1 Конкурс өткізу үшін Университет ректорының бұйрығымен 7 адамнан тұратын ҒТК негізінде комиссия құрылады: ҒТК төрағасы, ҒТК мүшелері, университеттің жетекші ғалымдары мен басшылары. ҒТК комиссиясы постдокторантураға кандидаттардың іріктеуін және постдокторанттың қызметін бағалауын жүзеге асырады.

5.2 Конкурстық комиссия келесі критерийлер негізінде постдокторантураға үміткерлерді іріктеуді жүргізеді:

- өтінім берушінің конкурстың формальды талаптарына сәйкестігі;
- ғылыми жарияланымдарды жариялау белсенділігінің деңгейі;
- ғылыми-зерттеу жобаларына қатысу дәрежелері;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізудегі дербестік дәрежелері;
- ғылыми жетекшілердің ұсынымдары мен кәсіби жетістіктері.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Постдокторантура туралы Ереже	ПВД III-10-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.30 Бет 17-дан 6
---	--	--

- ғылыми атағы/ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін магистранттар мен докторанттарға ғылыми жетекшілік ету немесе бірлесіп басшылық ету тәжірибесі;

Іріктеу кезінде басымдық, басқа критерийлер тең болған жағдайда, ең жоғары ғылыми метрикалық көрсеткіштері бар, рецензияланатын журналдарда жарияланымдары бар үміткерлерге беріледі (Web of Science деректер базасындағы импакт-фактор бойынша квартиль немесе Scopus деректер базасындағы CiteScore бойынша процентиль).

6 Постдокторантураға қабылдау рәсімінің сипаттамасы

6.1 Постдокторантураға қабылдау постдокторантураға қабылдау жоспарында көзделген орындар санына сәйкес конкурстық комиссияның оң шешімі негізінде университет Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығымен жүзеге асырылады.

6.20 Постдокторантураға қабылданғаннан кейін университеттің Басқарма Төрағасы – Ректор постдокторантпен еңбек және қаржылық қатынастарды көздейтін шарт жасасады.

6.3 Постдокторанттың жеке ісі әкімшілік-заң департаментінің кадрлар бөлімінде сақталады.

7 Постдокторантурадан өту ережелері

7.1 Докторантурадан кейінгі бағдарламаны игеру ұзақтығы 3 жылды құрайды.

7.2 Постдокторант ғылыми кеңесшінің басшылығымен ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асырады. Ғылыми кеңесшілер қабылдау сәтінен бастап бір ай ішінде бөлімше басшыларының ұсынымдарына сәйкес ҒТК ұсынымы бойынша университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

7.3 Ғылыми кеңесшінің соңғы 5 жылда Web of Science базасында импакт-фактор бойынша 1 (бірінші), 2 (екінші) және (немесе) 3 (үшінші) квартильге кіретін, Science Citation Index -те индекстелетін және (немесе) Scopus базасында Citescore бойынша 35-тен (отыз бестен) кем емес процентилі бар рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 2 (екі) мақаласы және қауымдастырылған профессор (доцент) немесе профессор ғылыми атағы не ғылым докторы/кандидаты немесе PhD докторы немесе бейіні бойынша докторы ғылыми дәрежесі болуы тиіс.

7.4 Ғылыми кеңесшінің ғылыми зерттеу саласы және (немесе) оның ғылыми-зерттеу және (немесе) ғылыми-педагогикалық жұмыс тәжірибесі постдокторанттың ғылыми-зерттеу бағытына сәйкес келуі тиіс.

7.5 Ғылыми кеңесші постдокторанттың күнтізбелік жұмыс жоспарын әзірлеуге және бекітуге қатысады, оның ғылыми-зерттеу жұмысына жетекшілік

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Постдокторантура туралы Ереже	ПВД III-10-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.30 Бет 17-дан 7
---	--	--

етеді.

7.5 Постдокторантурадан өту мерзімі ғылыми-педагогикалық жұмыс өтіліне есептеледі.

7.6 Постдокторантура бағдарламасының аяқталуының негізгі критерийі постдокторант жұмысының күнтізбелік жоспарын толық орындау және қорытынды аттестаттау талаптарына сәйкес ғылыми жарияланымдардың болуы болып табылады.

7.7 Академиялық ұтқырлықты қамтамасыз ету мақсатында постдокторанттардың университеттің бюджеттен тыс қаражаты есебінен постдокторантурадан өту кезеңінде шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтуге құқығы бар.

7.8 Постдокторанттар жыл ішінде кемінде 2 (екі) шетелдік халықаралық ғылыми конференцияларға қатысуға міндетті.

8 Постдокторантураны іске асыру шарттарына қойылатын талаптар

8.1 Постдокторантураға қабылданған үміткер штаттық ғылыми қызметкерге теңестірілген постдокторант мәртебесін алады.

8.2 Постдокторанттың педагогикалық қызметпен айналысуға құқығы бар, бұл ретте педагогикалық жүктеме көлемі, әдетте, 0,5 ставкадан аспауға тиіс.

8.3 Постдокторанттар университеттің бюджеттен тыс қаражаты есебінен белгіленген тәртіппен ай сайынғы стипендиямен қамтамасыз етіледі.

8.4 Постдокторанттар белгіленген тәртіппен оқу-материалдық базаны, әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын, ақпараттық қорды және университеттің медициналық қызмет көрсетуін пайдалануға құқылы.

8.5 Постдокторант қолданыстағы нормативтік актілерге сәйкес ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру конкурстарына қатыса алады. Гранттық қаржыландыру конкурсында жеңіске жеткен жағдайда университеттің постдокторантурасындағы ғылыми-зерттеу қызметі одан әрі жалғастыру құқығынсыз тоқтатылады.

8.6 Постдокторанттарға жыл сайын ұзақтығы 30 (отыз) күнтізбелік күн демалыс беріледі.

8.7 Постдокторантура қызметін ұйымдастыруға жауапкершілік ғылыми кеңесшіге және құрылымдық бөлімше басшысына жүктеледі.

8.8 Постдокторантураны сәтті аяқтаған адамдар бұрын атқарған лауазымына оралуға құқылы.

8.9 Постдокторантура әлемдік ақпараттық ресурстарға, кітапхана қорлары мен дерекқорларға, компьютерлік технологияларға және т. б. еркін қолжетімділікпен қамтамасыз етілуі тиіс.

8.10 Докторантурадан кейінгі ғылыми-зерттеу бағдарламасы:

- қаржыландырылатын іргелі, қолданбалы және басқа да мемлекеттік бюджеттік және шаруашылық келісімшарттық жобалар аясында орындалады;

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Постдокторантура туралы Ереже	ПВД III-10-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.30 Бет 17-дан 8
---	----------------------------------	--

- өзекті болуы, ғылыми жаңалықты және практикалық маңыздылықты қамтуы тиіс;
- отандық және шетелдік ғылым мен практиканың қазіргі заманғы теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделуі қажет;
- компьютерлік технологияларды қолдана отырып, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістемесін қолдануы керек.

9 Постдокторанттың күнтізбелік жұмыс жоспары

9.1 Постдокторанттар оқуға қабылданған күннен бастап 1 (бір) ай ішінде В қосымшасына сәйкес постдокторанттың күнтізбелік жұмыс жоспарын (бұдан әрі - ПДКЖЖ) әзірлейді, оған келесі бөлімдер кіреді:

- ғылыми-зерттеу жұмысының жоспары;
- Web of Science және/немесе Scopus ақпараттық деректер базасына кіретін Халықаралық ғылыми журналдардағы ғылыми жарияланымдар жоспары;
- шетелдік тағылымдамалар жоспары;
- конференцияларға қатысу.

9.2 ПДКЖЖ-ға постдокторант, ғылыми кеңесші, бөлімше басшысы, ғылым және инновациялар жөніндегі проректор қол қояды және ҒТК шешімімен бекітіледі.

9.3 ПДКЖЖ постдокторантура бағдарламасынан өтуге негіз болады. Қажет болған жағдайда постдокторантура жыл сайын нақтылануы мүмкін.

9.4 Постдокторанттың күнтізбелік жұмыс жоспары постдокторантура бағдарламасын игерудің барлық кезеңіне жылдар бойынша бөле отырып жасалады. Жұмыс жоспарында ғылыми зерттеу тақырыбы, зерттеу бағыты, есеп беру мерзімі мен нысаны көрсетіледі. Постдокторанттың ғылыми жарияланымдар жоспарында жұмыстарды жариялау жоспарланатын ғылыми басылымдардың атаулары, сондай-ақ жарияланымдарды дайындау, беру және шығару мерзімдері қамтылуы тиіс.

9.5 Постдокторанттардың ғылыми қызметіне мониторингті ұйымдастыру мақсатында постдокторанттың күнтізбелік жұмыс жоспарының бір данасы біреуі постдокторантты даярлау жүзеге асырылатын бөлімшеде, біреуі ҒЖИД-де сақталады.

9.6 Постдокторантураның күнтізбелік жұмыс жоспарларын уақтылы жасау, бекіту және толық орындау үшін постдокторанттар, ғылыми кеңесшілер және бөлімше басшылары жауапты болады.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Постдокторантура туралы Ереже	ПВД III-10-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.30 Бет 17-дан 9
---	----------------------------------	--

10 Постдокторанттарды аралық және қорытынды аттестаттауға қойылатын талаптар

10.1 Постдокторанттың ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін бағалау үшін аралық және қорытынды аттестаттау түрінде бақылау жүргізіледі.

10.2 Постдокторанттар бөлімшелерге сол есепті жылдың 15 қарашасынан кешіктірмей күнтізбелік жоспарға (жобаны іске асырудың бірінші жылы, екінші жылы (аралық)) сәйкес ғылыми-зерттеу жұмысын іске асыру туралы аралық есепті ұсынады.

10.3 Постдокторант постдокторантураның үшінші жылында бөлімшелерге ғылыми-зерттеу жұмысын іске асыру туралы қорытынды есепті қорытынды жылдың 10 желтоқсанынан кешіктірмей ұсынады.

10.4 Постдокторанттардың ҒЗЖ нәтижелерін аралық және қорытынды аттестаттау жыл сайын бөлімшелерде қаралғаннан кейін ҒТК отырыстарында тиісті хаттамалар ұсыныла отырып өткізіледі. ҒТК комиссиясының отырыстарына: постдокторанттар, бөлімше басшылары, ғылыми кеңесшілер және қажет болған жағдайда постдокторанттың ҒЗЖ бағыты бойынша жетекші ғалымдар шақырылады. Постдокторанттар ПДКЖЖ орындау туралы қысқаша мәліметті береді.

10.5 Аралық есеп ҒТК-те аттестациядан өту үшін кафедра отырысында ұсынылады, содан кейін кафедра отырысының хаттамасымен сүйемелденген есептің бір данасы (ҒЖИД) беріледі.

10.6 Қорытынды есеп ҒТК-те аттестациядан өту үшін кафедра отырысында ұсынылады, содан кейін кафедра отырысының хаттамасымен сүйемелденетін есептің бір данасы (ҒЖИД) беріледі.

10.7 Докторанттан кейінгі бағдарламаны сәтті игеру критерийлері (*Г қосымшасы*) болып табылады:

1) Web of Science деректер базасында импакт-фактор бойынша кемінде квартиль (Q3) журналдарында кемінде 2 (екі) мақала немесе Scopus деректер базасында CiteScore бойынша кемінде 35 процентиль бар.

2) кемінде 2 (екі) шетелдік халықаралық ғылыми конференцияларға қатысу;

3) ҒЖБССҚК ұсынған журналда кемінде 2 жарияланым (егер постдокторантта зерттеу бағыты бойынша ҒЖБССҚК-ның 3 мақаласы болса, осы тармақты орындау талап етілмейді);

4) патент алу;

5) зияткерлік меншік туралы куәлік алу.

10.8 Постдокторанттардың есептер бойынша баяндамалары жоғары талапшылдық, принципшілдік және ғылыми этиканы сақтау жағдайында өтуі тиіс. Бұл ретте ғылыми және практикалық сипаттағы нәтижелердің, қорытындылар мен ұсынымдардың жаңалығы, негізділігі жан-жақты талдауға ұшырауы тиіс.

10.9 Постдокторанттың есебін қарау және талқылау қорытындысы бойынша

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Постдокторантура туралы Ереже	ПВД III-10-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.30 Бет 17-дан 10
---	----------------------------------	---

ҒТК постдокторантты аттестаттау туралы екі шешімнің бірін ашық дауыс беру арқылы қабылдайды:

- аттестатталады;
- аттестатталмайды.

10.10 ҒТК қорытынды аттестаттау нәтижелері әрбір постдокторантқа хаттамамен ресімделеді. Аттестаттау жөніндегі хаттамалар ҒЖИД-ге беріледі. Постдокторанттың жеке ісі белгіленген тәртіппен сақтау үшін университет мұрағатына жіберіледі.

10.11 Постдокторант аттестаттау талаптарын орындамау себебінен немесе өз бастамасы бойынша постдокторантурадан шығарылған жағдайда университетке жасалған шартқа сәйкес постдокторантура кезеңінде постдокторантураға университет жұмсаған қаражатты өтейді.

10.12 Постдокторанттардың аралық және қорытынды аттестаттауларын өткізуді жалпы ұйымдастыру мен бақылауды университеттің ғылым және инновациялар департаменті мен бөлімшелері жүзеге асырады.

11 Постдокторанттардың құқықтары мен міндеттері

11.1 Постдокторанттар Қазақстан Республикасының «Білім туралы» және «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заңдарында, университеттің нормативтік актілерінде, Жарғысында және ішкі тәртіп ережелерінде айқындалатын құқықтар мен міндеттерге ие болады.

11.2 Постдокторанттар келесілерге:

- күнтізбелік жұмыс жоспарында көзделген барлық жұмыс түрлерін уақтылы және сапалы орындауға;
- күнтізбелік жоспарларда көзделген жұмыстың әрбір кезеңінің соңында барлық қажетті жазбаша материалдарды уақтылы ұсынуға;
- есептерді тапсырудың белгіленген мерзімдерін сақтауға (атқарылған ғылыми-зерттеу жұмысы туралы, шетелдік тағылымдамадан өткен жағдайда шетелдік тағылымдамалар туралы және т. б.);
- университеттің тиісті әкімшілік бөлімшелеріне тұрғылықты мекен-жайы мен байланыс деректерінің өзгеруі туралы уақтылы хабарлауға;
- белгіленген мерзімде аралық және қорытынды аттестаттаудан өтуге міндетті.

11.3 Постдокторанттардың осы Ережеде көзделмеген құқықтары мен міндеттері ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

12 Докторантурадан кейінгі қаржыландыру

12.1 Постдокторантура бағдарламаларын іске асыру саласындағы қызмет университеттің қаражатынан, сондай-ақ постдокторанттар орындайтын шаруашылық келісімшарттық және мемлекеттік бюджеттік ҒЗЖ есебінен қаржыландырылады.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Постдокторантура туралы Ереже	ПВД III-10-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.30 Бет 17-дан 11
---	--	---

12.2 Бюджеттен тыс қаражат:

- постдокторанттың стипендия төлемдеріне пайдаланылады.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Постдокторантура туралы Ереже	ПВД III-10-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.30 Бет 17-дан 12
---	----------------------------------	---

А қосымшасы
(анықтамалық)

**Өтініш берушінің
постдокторантура конкурсына өтінімі**

1.	ТАӘ	
2.	Лауазымы және жұмыс орны	
3.	Электрондық пошта мекенжайы	
4.	Байланыс телефоны	
5.	Өндіріске және оқу процесіне жаңалығын, өзектілігін және енгізілуін көрсететін, ғылыми-зерттеу жобасының атауы, қысқаша сипаттамасы	
6.	Ғылыми-зерттеу жобасының тақырыбы	
7.	Зерттеу жобасының нысаны, пәні, саласы	
8.	Жобаның ғылыми жаңалығы, практикалық маңыздылығы	
9.	Жобаның күтілетін нәтижелері (зерттеу нәтижелерін өндіріске және оқу процесіне енгізу мүмкіндігі)	
10.	Конкурс жеңімпазы үшін жұмыс шарттары	

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Постдокторантура туралы Ереже	ПВД III-10-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.30 Бет 17-дан 13
---	----------------------------------	---

Б қосымшасы
(анықтамалық)

**Өтініш берушінің
постдокторантура конкурсына қатысуға түйіндемесі**

1.	ТАӘ	
2.	Туған күні	
3.	ЖСН	
4.	Білімі (ЖОО атауы, мамандығы, күнін көрсете отырып аспирантурада, магистратурада, докторантурада оқуы)	
5.	Тағылымдама, біліктілікті арттыру курстары	
6.	Қорғалған диссертация тақырыбы	
7.	Ғылыми дәрежесі (дипломдардың көшірмелерін тіркей отырып)	
8.	Ғылыми дәреже берілген күн // Докторантура бағдарламасының аяқталған күні (бұйрық, күні)	
9.	Рейтингтік журналдардағы жарияланымдардың жалпы саны (БД-дан скриншот қосымшасымен)	
10.	Web of Science, Scopus базалары бойынша құжаттарды тапсыру кезіндегі Хирш индексі	
11.	Қаржыландыру көзі мен сомасын көрсете отырып, конкурсқа үміткер орындаған ғылыми-зерттеу жобалары туралы мәліметтер	
12.	Қазіргі уақытта ізденуші жұмыс істейтін ұйымның атауы (жұмыс орнынан анықтаманы қоса бере отырып)	
13.	Лауазымы	
14.	Электрондық пошта мекенжайы	
15.	Байланыс телефоны	
16.	Басқа ұйымдардағы жұмыс тәжірибесі	
17.	Ғылыми ұйымдағы жалпы жұмыс өтілі/өтілі	
18.	Марапаттар (сыйлықтар, медальдар, дипломдар және т. б.)	
19.	Ағылшын тілін меңгеру деңгейі (сертификат қосымшасымен)	
20.	Жоспарланған ғылыми-зерттеу жұмыстарының аннотациясы	
21.	Конкурсқа қатысушының өтінімдегі ақпаратты Университеттің ресми сайтында орналастыруға келісімі	

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Постдокторантура туралы Ереже	ПВД III-10-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.30 Бет 17-дан 14
---	----------------------------------	---

В қосымшасы
(анықтамалық)

Постдокторанттың күнтізбелік жұмыс жоспары

Тапсырманың, кезеңнің шифры	Шарт бойынша жұмыстардың атауы және оны орындаудың негізгі кезеңдері	Орындау мерзімі		Күтілетін нәтиже
		басталуы	аяқталуы	
20 жыл				
1				
1.1				
.....				
20 жыл				
2				
2.1				
.....				
20 жыл				
3				
3.1				
.....				

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Постдокторантура туралы Ереже	ПВД III-10-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.30 Бет 17-дан 15
---	----------------------------------	---

Г қосымшасы
(анықтамалық)

Постдокторант жұмысының нәтижелілік критерийлері
(Постдокторантурада ғылыми-зерттеу қызметін орындау аясында алынған
нәтижелер)

Рет №	Атауы	Растайтын құжаттар
1	Web of Science дерекқорында кемінде квартиль (Q3) журналдарда импакт-фактор бойынша кемінде 2 (екі) мақала немесе Scopus дерекқорында CiteScore бойынша кемінде 35 процентиль болуы	Жарияланымдардың, патенттердің және куәліктердің шығу деректері көрсетілген бедерлі немесе еңбек тізімі
2	кемінде 2 (екі) шетелдік халықаралық ғылыми конференцияларға қатысу	
3	ұсынылған журналда кемінде 2 жарияланым ҒЖБССҚК бірақ (егер постдокторантта зерттеу бағыты бойынша ҒЖБССҚК-ның 3 мақаласы болса, осы тармақты орындау талап етілмейді)	
	патент алу	
	зияткерлік меншік туралы куәлік алу	

